

Ақмола облысы әкімдігінің 2004 жылғы 10 наурыздағы NN№А-3/71 "Ақмола облысында "Жастардың іс-тәжірибесін" ұйымдастыру Ережесін бекіту туралы" қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы әкімдігінің 2006 жылғы 24 қаңтардағы N А-1/43 қаулысы. Ақмола облысының әділет департаментінде 2006 жылғы 21 ақпанда N 3180 тіркелді. Күші жойылды Ақмола облысы әкімдігінің 2009 жылғы 4 маусымдағы № а-6/243 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды Ақмола облысы әкімдігінің 2009 жылғы 4 маусымдағы № а-6/243 қаулысымен

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының " Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңын орындау мақсатында облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ақмола облысы әкімдігінің 2004 жылғы 10 наурыздағы NN№А-3/71 "Ақмола облысында "Жастардың іс-тәжірибесін»ұйымдастыру Ережесін бекіту туралы" (Ақмола облысының әділет департаментінде 2004 жылғы 23 наурызда NN№2364 болып тіркелген, 2004 жылғы 18 мамырдағы NN№56 "Акмолинская правда" газетінде жарияланған) қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

4-тармақ келесі мазмұнды жаңа редакцияда берілсін:

"Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары **Ғ.М.Бекмағамбетовке жүктелсін"**;

Осы қаулымен бекітілген "Жастардың іс-тәжірибесін"» ұйымдастыру **Е р е ж е с і н д е :**

1, 5 тармақтардағы "жұмыспен қамту мәселелері бойынша (жұмыспен қамту орталығы) сөздері "жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі"»(бұдан әрі уәкілетті орган)"»сөздерімен ауыстырылсын;

барлық мәтін бойынша "Жұмыспен қамту орталығы" деген сөздер "Уәкілетті орган" сөздерімен ауыстырылсын;

11-тармақ келесі редакцияда берілсін:

"11. Жұмыссыздарды жастар іс-тәжірибесіне алуға келісім берген жұмыс берушімен Уәкілетті орган осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес шарт жасайды. Жұмыс беруші жұмыссыз жастарды қабылдайды және Жастар іс-тәжірибесіне

қатысушылардың кәсіби білім алып, кәсібіне сәйкес дағдылануын қамтамасыз ету туралы міндеттеме алады. Шарт алты айдан көп емес мерзімге бекітіледі. Шарттың ең аз мерзімі - үш ай";

жоғарыда көрсетілген Ереженің - 1 қосымшасында:

2-тармақтың 2.2.1. тармақшасы келесі редакцияда берілсін:

"Жұмыссыздардың іс-тәжірибеден өтуі үшін олардың оқу орнын аяқтағаны туралы құжаттарына сәйкес жұмыс орнын беру".

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары **Ғ.М.Бекмағамбетовке** жүктелсін.

Облыс әкімінің м.а.